

«FB Кредит» МҚҰ» ЖШС микрокредиттер беру ережесі

Осы «FB Кредит» «МҚҰ» ЖШС микрокредиттер беру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленді.

Ережелер «FB Кредит» МҚҰ» ЖШС микрокредиттер беру тәртібін, шарттарын, негізгі қағидаттарын айқындайды, сондай-ақ микрокредиттер беру туралы кез келген шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оларға өзгерістер қабылданғанға/енгізілгенге дейін берілген қарыздарға қолданылады.

1. Жалпы ережелер

«FB Кредит» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылды.

Алғашқы тіркелген күні 2015ж. 07 қыркүйек

МҚҰ қызметінің негізгі түрі микрокредиттер беру болып табылады.

Осы Ережеде төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- **Микроқаржы ұйымы (МҚҰ)** – ресми мәртебесі микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиямен айқындалатын, негізгі қызмет түрі микрокредиттер беру болып табылатын микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым болып табылатын заңды тұлға, сондай-ақ «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында рұқсат етілген қосымша қызмет түрлері;
- **Микрокредит** – МҚҰ қарыз алушыға «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Ережелерде айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беретін ақша;
- **Кепіл** - Қарыз алушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда, осы Кодексте белгіленген алып тастауларды қоспағанда, осы мүлік тиесілі тұлғаның (кепіл берушінің) басқа кредиторларының алдында кепілге салынған мүлік құнынан басымдықпен қанағаттандырылуға МҚҰ-ның құқығы бар міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі;
- **Кепілзат иесі** – МҚҰ;
- **Кепіл беруші** – кепілге салынған мүліктің меншік иесі;
- **СЖТМ** – сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;
- **Қарыз алушы** – МҚҰ-мен микрокредит беру туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;
- **Қосалқы қарыз алушы** – Қарыз алушымен МҚҰ-мен бірлесіп микрокредит беру туралы шарт жасасқан, шарт бойынша қарыз алушымен тең құқықтары мен міндеттері бар, сондай-ақ микрокредитті, сыйақыны және ол бойынша өзге де төлемдерді қайтару бойынша міндеттемелерді орындау үшін ортақ жауапты тұлға;
- **Кепілгер** – МҚҰ-мен микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепілдік шартын жасасқан тұлға қарыз алушымен бірлесіп микрокредитті, сыйақыны және микрокредит беру туралы шарт бойынша өзге де төлемдерді қайтару бойынша МҚҰ алдында ішінара немесе ортақ жауапты болады;
- **Өтініш беруші** – микрокредит алу үшін МҚҰ-ға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

- **Несиелік менеджері** — микрокредитті рәсімдеуді жүзеге асыратын МҚҰ қызметкері;
- **Өтінім** – микрокредит беру туралы МҚҰ-ға өтініш;
- **Сауалнама** – қарыз алушы туралы мәліметтер;
- **Несиелік комитеті** – микрокредитке қатысты шешімдер қабылдау бойынша өкілеттіктер берілген МҚҰ-ның алқалы органы;
- **Уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны МҚҰ бөлімшесінде қарау тәртібі

2.1 Әлеуетті қарыз алушы МҚҰ-ға алғаш жүгінген кезде МҚҰ қызметкері осы Ережелерге №1 қосымшада көрсетілген микрокредит беру түрлері мен шарттары бойынша алдын ала кеңес беру жүргізеді; әлеуетті қарыз алушының қарыз алушылардың нысаналы тобына сәйкестігін айқындайды, микрокредитті өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы, қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз етуді ұсыну қажеттілігі туралы (кепіл/кепілдік/кепілгерлік), қажет болған жағдайда микрокредит беру туралы шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат береді.

2.2 Әлеуетті қарыз алушы микрокредит алуға мүдделі болған жағдайда, несие менеджері әлеуетті қарыз алушы ұсынған ақпарат бойынша байланыс деректері бар сауалнаманың электрондық бланкісін толтырады.

2.3 Байланыс деректері бар сауалнаманың электрондық бланкісін толтыру кезінде несие менеджеріне әлеуетті қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік немесе паспорт), МҚҰ белгілеген нысан бойынша әлеуетті қарыз алушы туралы қажетті мәліметтер, әлеуетті кепілгердің/кепіл болушының/кепіл берушінің жеке басын куәландыратын құжат, кепілге берілетін мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, сондай-ақ микрокредиттің сұратылған түрін беру шарттарына және МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес өзге де құжаттар ұсынылуы тиіс. Бұдан басқа, байланыс деректері бар сауалнаманың электрондық бланкісін толтыру кезінде несие менеджері әлеуетті қарыз алушының микрокредит алу үшін МҚҰ бөлімшесіне нақты өтінішін растау мақсатында әлеуетті қарыз алушының/кепілгердің/кепіл болушының/кепіл берушінің сауалнамаға одан әрі тіркелуі үшін МҚҰ бөлімшесінде фотосуретке түсіруін жүзеге асырады.

2.4 Ережелердің 2.2-тармағына сәйкес толтырылған микрокредит беруге арналған байланыс деректері бар сауалнаманың электрондық бланкісін және Ережелердің 2.3-тармағына сәйкес барлық қажетті құжаттарды толтырғаннан кейін несие менеджері алынған сауалнамалық деректерге сәйкес және таңдалған микрокредит түрінің шарттары бойынша әлеуетті қарыз алушыға микрокредит беру туралы мәселені қарауға бастамашылық етеді.

2.5 Микрокредит беру туралы, микрокредит беру шарттары туралы немесе микрокредит беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті тұлға/МҚҰ органы әлеуетті қарыз алушының өтінішін қарау кезінде МҚҰ-ға белгілі әлеуетті қарыз алушы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге ақпаратты ескере отырып, байланыс деректері бар сауалнаманың электрондық бланкісінде көрсетілген мәліметтер негізінде қабылдайды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап болған жағдайда, МҚҰ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінде және/немесе МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен әлеуетті қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентіне тексеру жүргізеді.

2.6 Алдын ала кеңес беру және одан кейінгі құжаттарды жинау бойынша жұмыс МҚҰ-ға микрокредит беруді міндеттемейді және МҚҰ себептерін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы.

2.7 Уәкілетті тұлғадан/МҚҰ органынан қабылданған шешім туралы (микрокредит беру туралы не микрокредит беруден бас тарту туралы) ақпаратты электрондық түрде алғаннан кейін несие менеджері әлеуетті қарыз алушыны тиісті шешім туралы хабардар етеді.

3. МҚҰ бөлімшесінде микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі

3.1 Уәкілетті тұлға/МҚҰ органы микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, несие менеджері әлеуетті қарыз алушыға қол қою үшін қағаз нұсқадағы байланыс деректері бар сауалнаманы ұсынады. Байланыс деректері бар сауалнамада көрсетілген деректер микрокредит алуға өтінімді қарау кезінде уәкілетті тұлға/орган мақұлдаған электрондық бланкіге толық сәйкес келуі тиіс.

3.2 Микрокредит алуға дайындалған өтініш, байланыс деректері бар сауалнама және микрокредит беру туралы шарттың/кепілдік шартының/кепілгерлік шартының/кепіл шартының жобасы әлеуетті қарыз алушыға/кепілгерге/кепіл болушы/кепіл берушіге танысу және қол қою үшін беріледі.

3.3 Микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін әлеуетті қарыз алушыға/кепілгерге/кепіл болушыға/кепіл берушіге танысу үшін: МҚҰ жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген, төлемдер кестесі мен артық төлем сомасы бар есеп айырысу калькуляторы микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген.

Микрокредитті өтеу әдістері осы Ережелерге №1 қосымшада көрсетілген әлеуетті қарыз алушы таңдаған микрокредит түріне сәйкес белгіленеді.

3.4 Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт/кепілдік шарты/кепілгерлік шарты/кепіл шарты жасалғанға дейін МҚҰ микрокредит беру талаптарын таңдау үшін жеке тұлғаға береді.

3.5 Несие менеджері әлеуетті қарыз алушыны/кепілгерді/кепіл болушыны/кепіл берушіні микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда жауапкершілік шаралары туралы хабарлайды.

3.6 Әлеуетті қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт жасасудан бас тартуға құқылы. Кепілгер/кепіл болушы/кепіл беруші (әлеуетті қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт жасасуға келіскен жағдайда да) МҚҰ-мен тиісті шарт жасасудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда микрокредит алуға арналған өтінім міндетті түрде микрокредит алуға арналған жаңа өтінімнің қаралуына ұқсас тәртіппен қайта қаралуға жатады.

3.7 Әлеуетті қарыз алушы/кепілгер/кепіл болушы/кепіл беруші микрокредит беру туралы шарт жасасуға және микрокредит беруге ілеспе шарттар жасасуға келіскен жағдайда, МҚҰ қызметкері микрокредит беру туралы шартты ресімдейді.

3.8 Егер МҚҰ беретін микрокредиттің нақты түрімен қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауын кепілзатпен қамтамасыз етуді (кепіл) ұсыну қажеттілігі көзделген жағдайда, микрокредит беру туралы шартты жасаумен қатар МҚҰ талаптарына сәйкес қамтамасыз ету туралы шарттар ресімделуі тиіс не егер микрокредит болашақта ресімделетін болса, несие менеджері қарыз алушыға ол бойынша кепілзатпен қамтамасыз ету тәртібін түсіндіреді.

3.9 Микрокредит беру тараптар қол қойған микрокредит беру туралы шарттың негізінде жүзеге асырылады, ал беру шарты кепілзатпен қамтамасыз ету болып табылатын микрокредит берілген жағдайда микрокредит беру МҚҰ талаптарына сәйкес қамтамасыз ету туралы шарттар ресімделгеннен кейін жүзеге асырылады.

4. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны МҚҰ сайтында қарау тәртібі (онлайн)

4.1. Микрокредит алу мақсатында МҚҰ сайтына жүгінген кезде Клиент жеке кабинетті тіркеуді жүзеге асырады, бұл ретте жеке кабинетті бастапқы тіркеген кезде клиент – жеке тұлға мынадай деректерді енгізеді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 2) жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН);
- 3) жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі және қолдану мерзімі;
- 4) ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі;
- 5) банк шотының деректемелері (IBAN) және/немесе клиенттің төлем карточкасының деректемелері (МҚҰ бөлімшесінде микрокредиттер беруді қоспағанда);
- 6) клиенттің бет әлпеті бейтарап және ауызы жабық күйде, ашық фонда түсірілген толық бет фотосуреті.

Клиентті Жеке кабинетте тіркеу келесі екі параметрді қолдану арқылы екі факторлы аутентификациямен жүзеге асырылады:

- 1) парольдерді түрлендіру және енгізу немесе бір реттік парольді пайдалану;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық жасақтаманы пайдалану.

Клиентті жеке кабинетте тіркегеннен кейін клиенттің жеке кабинетке кіруі пароль енгізу арқылы жүзеге асырылады.

4.2. МҚҰ сайтына жүгінген кезде клиент жеке кабинет арқылы микрокредит өніміне байланысты кредиттеудің алдын ала шарттарымен танысу үшін сайтта орналастырылған калькуляторды пайдаланады. Калькулятор көмегімен клиент несиелендірудің қажетті сомасын таңдайды және әрі қарай қадамдық нұсқаулыққа сәйкес әрекет етеді.

4.3. Клиенттің микрокредит алуға өтінімі МҚҰ-ның Бас бөлімшесіне қарауға жіберіледі.

4.4. Микрокредит беру туралы өтінімді мақұлдағаннан кейін өтінімді қарайтын МҚҰ қызметкері клиенттің мобильді нөміріне қоңырау шалу арқылы мақұлдау туралы хабарлайды.

4.5. МҚҰ уәкілетті органы клиенттің микрокредит беру туралы берген өтінімі бойынша шешім қабылдағаннан кейін – тиісті шешім клиенттің жеке кабинетінде – Өтінім мақұлданды/Бас тартылды деп пайда болады.

4.6. Клиент микрокредит алуды МҚҰ сайтындағы Жеке кабинетіндегі жеке банк картасына таңдаған жағдайда – клиентке Жеке кабинетте көрсетілген ұялы телефон нөміріне төрт таңбалы коды бар СМС-хабарлама жіберіледі, оны клиенттің жеке кабинетінде «смс-тен кодты енгізу» қалқымалы терезесіне енгізу қажет. Клиент алынған кодты көрсетілген терезеге енгізіп, «Растау» түймесін басуы керек, содан кейін ашылған бетте клиент карта нөмірін, ұялы телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын енгізіп, «Жіберу» түймесін басуы керек. Клиент барлық сұралған деректерді дұрыс толтырғаннан кейін «Сіздің сұратуыңыз орындалды» деп көрсетіледі, микрокредит сомасы, тапсырыс нөмірі, содан кейін берілген микрокредит сомасы клиенттің банк картасына түседі. Микрокредитті банктік картаға алғаннан кейін клиент Жеке кабинетке жүгінеді, онда «Аударым сәтті орындалды» деген хабарлама болады, «Кредиттік конвеер» бағдарламалық жасақтамадағы микрокредиттің мәртебесі «Қарыз берілді» деп өзгереді, ал клиенттің Жеке кабинетінде «Қарыздар тарихы» қосымша бетінде алынған микрокредит шарттың нөмірін, қарыз сомасын және берілген күнін көрсете отырып, берілген микрокредит ретінде көрсетіледі.

4.7. Микрокредит алу кезінде микрокредит беру туралы шарт және оның құжаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес электрондық түрде қалыптастырылады.

5. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері

5.1 Бір қарыз алушыға берілетін микрокредиттің ең төмен және ең жоғары мөлшері осы Ережелерге №1 қосымшада айқындалады және микрокредиттің әрбір түрі бойынша МҚҰ уәкілетті органы белгілейді, бірақ ол тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

5.2 Шекті сомалар мен мерзімдер осы Ережелерге №1 қосымшада айқындалады және микрокредиттің әрбір түрі бойынша МҚҰ уәкілетті органы белгілейді.

6. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамасы

6.1. Қарыз алушы берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлейді.

6.2. Микрокредит мерзімі үшін ең төменгі және ең жоғары сыйақы мөлшерлемесі осы Ережелерге №1 қосымшаға сәйкес МҚҰ беретін микрокредит түріне байланысты айқындалады.

6.3. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-1 тармағында көрсетілмеген микрокредиттердің түрлері бойынша 56% - дан (елу алты) пайыздан аспайды.

6.4. Сыйақының шекті мәні «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 3-1 тармағында көзделген микрокредиттердің түрлері бойынша берілген микрокредит сомасының 30% - нан (отыз пайызынан) аспайды.

6.5. МҚҰ беретін микрокредиттердің әртүрлі түрлері бойынша сыйақы мөлшерлемесі микрокредиттің әрбір түрі бойынша жеке белгіленеді.

6.6. МҚҰ беретін микрокредиттердің барлық түрлері бойынша комиссиялар мен қандай да бір қосымша төлемдер алынбайды.

6.7. Сыйақы бір жолғы немесе мерзімді төлемдермен алынуы мүмкін.

7. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі

7.1. Әлеуетті қарыз алушы МҚҰ-ға өтініш берген күнге қолданыстағы микрокредиттердің түрлері бойынша сыйақы мөлшерлемелерімен танысуға құқылы.

7.2. Микрокредит беру туралы шартқа қол қойылған күні қолданыста болған сыйақы мөлшерлемесін МҚҰ біржақты тәртіппен өзгерте алмайды (оны төмендету жағдайларын қоспағанда).

7.3. Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу тәртібі микрокредит беру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

7.4. Қарыз алушының жеке тұлға болып табылатын берешегінің ұлғаюын болдырмау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, МҚҰ мерзімі қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткен соң сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептемейді.

8. Микроқаржы ұйымы қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

8.1. МҚҰ микрокредиттерді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ете отырып, оның ішінде болашақта түсетін қамтамасыз ете отырып не қамтамасыз етпей беруге құқылы.

8.2. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуі:

8.2.1. қарыз алушыға немесе үшінші тұлғаға (кепіл берушіге) меншік құқығында тиесілі мүлікті кепілге салу;

8.2.2. жеке және/немесе заңды тұлғаның кепілдігі/кепілгерлігі бола алады.

8.3. Жылжымайтын және жылжымалы мүлік не жеке тұлғалардың кепілдігі/кепілдіктері/кепілгерлігі/заңды тұлғалардың кепілдіктері МҚҰ қалауы бойынша кепілге қабылдануы мүмкін, бұл ретте МҚҰ кепілгерлеріне/кепіл болушыларға

қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып, дербес белгілей алады.

8.4. Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде заңды тұлғалардың акциялары немесе жарғылық капиталына қатысу үлестері қабылданбайды.

8.5. МҚҰ кепілге беретін жылжымайтын немесе жылжымалы мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделуге тиіс.

8.6. Кепілге берілетін мүлік ауыртпалықтан және үшінші тұлғалардың талаптарынан бос, тиісті жағдайда, өтімді болуы тиіс.

8.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда кепіл шарты кепіл нысанасын немесе оған құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.

8.8. Кепілгер ретінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған коммерциялық заңды тұлғалар бола алады.

9. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері

9.1. Ережеге сәйкес есептелетін микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

9.2. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S_j - қарыз алушыға j-нші төлем сомасы;

APR - сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-нші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - қарыз алушының i-нші төлем сомасы;

t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен).

9.3. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауы тиіс.

9.4. «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-1 тармағының күші қолданылатын жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін сақтау туралы талап қолданылмайды.

10. Микрокредитті өтеу әдістері

10.1. Микрокредитті өтеу мынадай әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін:

10.1.1. дифференциал төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы

кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

10.1.2. аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

10.1.3. микрокредит берілген мерзім соңында бір рет.

10.1.4. біркелкі емес төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу жоғарыда көрсетілген әдістердің бірде-біреуіне төлемдер түспейтін кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Микрокредитті өтеу әдісі микрокредит беру туралы шартта көрсетіледі.

10. Қарызды мәжбүрлеп өндіріп алу

10.1. Мерзімі өткен берешекті реттеу мүмкін болмаған және/немесе микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу/өтеу бөлігі болмаған жағдайда МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) микрокредит беру туралы шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде атқарушылық жазба жасау үшін нотариуска жүгінуге немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа (төрелікке) талап қойып жүгінуге, сондай-ақ «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы;

10.2. Нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде МҚҰ қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөнінде келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмай, негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алуға құқылы.

10.3. Нотариустың атқарушылық жазбасы МҚҰ таңдауы бойынша, өтініш негізінде жасалуы мүмкін:

- тіркеу орны бойынша (Қарыз алушы – жеке тұлғаның заңды мекенжайы);
- Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша (осы Шартта жасау кезінде Қарыз алушы көрсеткен жеке тұлғаның нақты мекенжайы);
- Қарыз берушінің және/немесе Қарыз алушының тұрғылықты жеріне, орналасқан жеріне немесе тіркелген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген нотариусының орналасқан жерінің мекенжайы бойынша.

10.4. Микрокредит беру туралы Шарттан туындаған немесе оған байланысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіп нормаларын сақтай отырып, Алматы қаласындағы бір төреші құрамындағы көрсетілген төреліктің регламентіне сәйкес «Алматы төрелігі» ЖШС жанындағы Алматы Төрелігінде шешіледі.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Ережелер ашық ақпарат болып табылады, кез келген тұлға Ережелермен танысуға құқылы.

11.2. Ережелер МҚҰ тарапынан кез келген уақытта біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін.

«FB Кредит» МҚҰ» ЖШС микрокредиттер беру қағидаларына
№1 қосымша
«FB Кредит» МҚҰ» ЖШС

«FB Кредит» МҚҰ» ЖШС қатысушыларының
жалпы жиналысының хаттамасымен
«Микрофинансовая
организация с ограниченной
ответственностью»

05.08.2024 жылғы №40



Түрлері бойынша микрокредиттер беру шарттары

«Универсальный Плюс» микрокредиті

микрокредиттің шекті сомалары – 10 000-нан 100 000 теңгеге дейін
микрокредиттің шекті мерзімі – 20 күн
барлық мерзімге сыйақының шекті мөлшері – 19,8%
Кепілсіз
Беру (Онлайн)

«Универсальный» микрокредиті

микрокредиттің шекті сомалары – 10 000-нан 100 000 теңгеге дейін
микрокредиттің шекті мерзімі – 20 күн
барлық мерзімге сыйақының шекті мөлшері – 19,8%
Кепілсіз
Беру (оффлайн)

«Льготный Плюс» микрокредиті

микрокредиттің шекті сомалары – 110 000-нан 180 000 теңгеге дейін
микрокредиттің шекті мерзімі – 20 күн
барлық мерзімге сыйақының шекті мөлшері – 14,9%
Кепілсіз
Беру (Онлайн)

«Льготный» микрокредиті

микрокредиттің шекті сомалары – 110 000-нан 180 000 теңгеге дейін
микрокредиттің шекті мерзімі – 20 күн
барлық мерзімге сыйақының шекті мөлшері – 14,9%
Кепілсіз
Беру (оффлайн)

«Даму» микрокредиті

микрокредиттің шекті сомалары – 12 000-нан 432 000 теңгеге дейін
микрокредиттің шекті мерзімі – 30 күн
барлық мерзімге сыйақының шекті мөлшері – 43,8% жылдық (күніне 0,12%)
несиелеу мақсаты-кәсіпкерлік мақсаттар
Кепілсіз
Беру – онлайн және оффлайн
қосымша шарт-ЖК Исаев Тимур Бекетұлы (Агент) мен "Nomad Life "ӨСК" АҚ
(сақтанушы)арасында сақтандыру шарттарын жасасу арқылы Қарыз алушының өмірін
ерікті сақтандыру